



ЦИФРЛЫҚ ДӘУІР ПЕДАГОГИКАСЫ. XXI ҒАСЫРДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ

Оқытушыларды әлеуметтік
желілерде кәсіби дамыту



Бұл дәрістің мақсаты – әлеуметтік желілердегі мұғалімдердің біліктілігін арттыру мүмкіндігін талқылау. Интернеттің ертерек дәуірінде әлеуметтік желілер электрондық пошта хабарламаларын пайдаланып тек жарнамалық тақталар мен бөлек веб-сайттар болды. Хабарламалар тақтасында және жеке веб-сайттардағы хабарлар синхронды түрде жасалды. Кейінірек хабарландыру тақтасына және жеке веб-сайттарға қосымша, сөйлесу бөлмелері мен жылдам хабар алмасу қызметтері жасалды. Бұл оқиғалар әлемнің әртүрлі аймақтарындағы көптеген адамдарға оқу үрдісінде желі байланысын және жылдам хабар алмасу бағдарламаларын пайдалануға мүмкіндік берді.

Егер бастапқыда әлеуметтік желі жеке қарым-қатынас үшін платформа ретінде қарастырылса, 2009 жылдан Facebook бастап пайдаланушыларға жаңа қосымшалар ұсынды. Бұл әлеуметтік желілер пайдаланушы өзінің білім кеңістігін құруға қабілетті, қоғамдық қолжетімді құралдарды: әлеуметтік бетбелгілеуді (social bookmarking), әлеуметтік каталог-тандыруды (social cataloging) және әлеуметтік кітапханаларды қолдана алды.

XX ғасырдың аяғында LMS (қашықтықтан оқытуды басқару жүйесі) электрондық оқытудың әмбебап тәсілі ретінде қарастырылды, кейінірек LMS-тың әмбебап және кез келген студенттер мен барлық университеттер үшін ортақ әлсіз нүктелері айқындалды. Сондықтан сарапшылар, 2010 жылдан бастап электрондық білім беруді дамыту үрдісі туралы басымдықтарды олар LMS-ке емес, Facebook және Twitter әлеуметтік желілеріне бере бастады.

Мұғалімдердің біліктілігін арттыру үшін Twitter-дің мүмкіндіктері жақсы зерттелгенін атап өткен жөн. Facebook-тің оқу мен оқытуға арналған зерттеу мүмкіндіктері толық К. Хью мен Х. Чиромның мақалаларында қарастырылған. Зерттеулер көрсеткендей, Facebook зерттеулерінің көпшілігі жоғары оқу орындарында жүргізілді және сипаттама статистикасы негізінен деректерді талдау үшін пайдаланылды.

Зерттеушілер бірінші кезекте студенттерге арналған Facebook-тың артықшылықтары туралы қарастырған, олар таныс ортаға, коммуникацияның әртүрлі нысандарына, идеология мен интерфейстің түсінушілігіне нұсқайды. 2011 жылы К. Хью зерттеулері, Facebook өзін-өзі ашуға мүмкіндік туғызатынын, мұғалімнің алдында және басқалардағы өзін-өзі анықтауға мүмкіндік жасайтынын атап өтті. Бұл әріптестермен және студенттермен қарым-қатынаста жоғары сенімділік орнатуға көмектеседі.

Х. Чироманың айтуынша, 2017 жылға қарай Facebook-тің білім беру мүмкіндіктері жақсы зерттелді, бірақ Facebook-тегі мұғалімдердің біліктілігін арттыру бойынша зерттеулер жүргізілуі туралы мұнда айтылмаған.

Facebook – 2004 жылы студенттер үшін жасалған әлеуметтік желі. Сонымен қатар, әлемнің түпкір түпкірінде, университет студенттері ғана емес, барлық кәсіби мамандар да Facebook-ті біліктілігін арттыру құралы, өз маман саласының жаңа ақпараттарын білу, алмасу, әлеуметтік желісі қосылу ретінде қолданылды. Оқытушылардың кәсіби дамуына, ақпарат алмасуына Facebook әлеуметтік желісі ыңғайлы ма деген сұрақ туындайды.

Бұл сұраққа жауап беру үшін біз кәсіби қызметтің құрамдас бөліктерін қарастыруға тырысамыз. Ол Facebook-ті мұғалімнің кәсіби мақсаттарын іске асыру үшін қолайлы орын ретінде қарастыруды ашады. Одан әрі мұғалімнің кәсіби мақсаттарының жиынтығын қалыптастыра отырып, олардың жүзеге асырылуы туралы Facebook қорытынды ала алады.

Осындай кәсіби мақсаттарға келесілер жатады:

- әріптестермен бірге кез келген ресурстарды бірлесіп пайдалану;
- әріптестермен, басқа оқытушылармен ынтымақтастық;
- достарымен және әріптестерімен байланыс жасау;
- бірлескен қызметке қатысу;
- білім алушылармен кері байланыс;
- әріптестердің эмоционалдық қолдауы;
- білім алушылармен қарым-қатынас.

Бұдан басқа, кәсіби мақсаттарды іске асыру үшін жағдай жасалады.

Педагогика мұғалімнің кәсіби дамуының қажетті шарты, оның кәсіби педагогикалық қоғамдастықта белсенді қатысуы деп саналады. Мұндай маман қоғамдастық ұжымдық тәлімгер, сарапшы, ассистент рөлін атқара алады. Кейбір зерттеулерде қауымдастықтың пікірінше (top)



әлеуметтік даму үрдісінде баяу, біртіндеп кәсіби даму үдерісін қолдана алады, мұның нәтижесінде оқытуды түбегейлі өзгеруіне әкеледі.

«Білімгерлердің кәсіби қауымдастығы» кілт сөздерін алғашқы іздестіру Қазақстанда 200-ге жуық түрлі онлайн-педагогикалық қауымдастықтардың бар екендігін көрсетті, бірақ бұл нәтижелер зерттеудің мақсатына қатысты болмады, өйткені бірлестіктердің ешқайсысы өз іс-әрекеттері үшін Facebook-ті платформа ретінде қарастырмаған. Зерттеулердің мақсаты кілт сөздерді іздеу негізделген. Зерттеудің базасы ретінде академиялық дерекқорлар болып, оларға сұраныс жасалынды. Іздестіруде екі кластер қалыптастырылды. Сондықтан кілт сөздер кәсіптік мұғалімнің дамуы ретінде қарастырылды. Біріншіден, ізденетін сөздер бұл «мұғалімнің кәсіби мақсаттары», «Facebook-тегі білім беруде қолдану», «Әлеуметтік желідегі мұғалім», «әлеуметтік желілердегі мұғалімдердің кәсіби дамуы» болды.

Екіншіден, «мұғалімдердің Facebook-ты пайдалану», «кәсіби даму» деген негізгі сөздер алынды. Журналдардағы, конференциялық материалдардағы кілт сөздерге қатысты әдебиеттер онлайн-академиялық дерекқорларда берілген. Академиялық дерекқорлардың базасына EditLib электрондық кітапханасы, ERIC, IEEEExplore, ScienceDirect, Scopus, SpringerLink, Sscience, elibrary.ru. жатады.

2000–2017 жылдар аралығында орыс тіліндегі, 2013–2017 жылдар аралығындағы ағылшын тіліндегі мақалаларына іздеу жүргізілді. 2013 жылдан бастап К. Хью пікірше Facebook мұғалімнің өзін-өзі айқындау аренасы ретінде танылды.

Талданылған мақалалар арнайы іріктеу өлшемдеріне сай сұрыпталды. Сұрыптау ең алдымен мақаланың аты содан соң, олардағы жасалған қорытындылар мен пікірлер зерттелді.

Түйінді сөздер үшін қарастырылған әдебиеттерді талдау Facebook-тің білім алушылар мен оқытушылардың оқу мүмкіндіктері және педагогикалық қарым-қатынасы үшін артықшылықтары бар екенін көрсетті. Таңдалған әдебиеттерді талдау кәсіби мақсаттарды анықтайды. Facebook-тегі мұғалімнің іс-әрекеті оның кәсіби дамуына үлес ретінде бағалануы мүмкін:

- Facebook ресурстарын ортақ пайдалану;
- Автордың, басқа оқытушылармен ынтымақтастығы;
- Достарымен және әріптестермен байланыс жасау;
- Facebook чат бөлмелеріне қатысу;
- Оқушылардан кері байланыс;
- Әріптестерді эмоционалдық қолдау.

Бұл жерде Facebook-ке тіркелген мұғалім арасында кәсіби даму туралы пікірлер, ынтымақтастық ұсыныстар, ортақ тәжірибе, эмоциялық қатынас пен қолдау қалыптасуы мүмкін.

Facebook-тегі бұл әрекеттердің тіркесімі мұғалімге жаңа идеялар мен тәжірибелерді дамыту үшін жағымды жағдай жасайды. Әрине, олары дос-әріптестерді мұғалім қоғамдастық ретінде қабылдағанымен, бұл бір-бірінің арнайы теориялық білімдеріне сенім артуға қабілетті мамандардың тобы.

Кәсіби жағынан маңызды ресурстарды, әртүрлі ой пікірлерді бөлісу, жеке бетте немесе топтарда мұғалімнің өз материалдарының ашық қолжетімділігіне байланысты әртүрлі форматта жариялауға болады: әртүрлі сайттарға, беттерге, деректер қорларына сілтемелерге. Жұмыс жасауда ынтымақтастық қалыптасады, алдыңғы болатын конференциялар, іс-шаралар туралы уақытылы ақпараттар беріледі. Кәсіби тәжірибелер көбіне әртүрлі әлеуметтік желіде жіберген посттарға комментарий, яғни пікірлерін қалдырумен сипатталады. Қолдаулар мен ұсыныстар, сұрау түрлері әртүрлі сипаттағы болуы мүмкін: жеке – эмоциялық қолдау, жалпылама әлеуметтік және кәсіби маңызды (әлеуметтік және кәсіби бастамалар). Әлеуметтік желідегі парақшалар мұғалімдердің жеке өміріне тікелей қатысты болмаса да, оның оған әсері үлкен. Себебі кез келген мұғалім әріптестерден оқшау жүргізілетін үдерісі хабарламалар мен сілтемелерді қабылдайды.

Автордың 1214 достарының ішінен 78 адамы 36 мен 87 жасқа аралығында (орташа жасы – 64), оның ішінде 7-і әйелдер өздерін доцент және профессорлар лауазымындағы университет оқытушылары деп атайды. Facebook-те аккаунты бар мұғалімдердің жалпы профилі туралы статистикалық мәліметтердің болмауынан өкілдік үлгісін анықтау мүмкін емес.



Екінші кезеңде 2017 жылғы наурызда он күн ішінде жеке беттердегі кәсіби мақсатта қалдырылған 78 дос-оқытушылардың жазбалар мен хабарламалар бағаланды (жалпы алғанда 658 хабарлама). Жазбаларды қалдыру статистикасы жеке беттерде күніне жиырма үштен айына бір ретке дейін өзгереді. Atlas.ti мазмұнды талдау бағдарламасы белгілі бір сөздердің эмоционалдық бояуын ғана ескереді, бірақ мағынасын түсінбейді. Оны зерттеуші өзі анықтауы керек.

Белгілі бір мерзім ішінде сол оқытушылардың желісінде жарияланған материалдардың семантикалық талдауы пайдаланылды. Сондықтан 78 әріптестің барлық жазбалары зерттеліп, басылымның тақырыптық мағынасы негізінде сараланды. Материалдар қазірдің өзінде қалыптасқан кәсіби мақсаттарға сәйкес бағаланды.

Facebook-тің мұғалімнің кәсіби дамуында рөлін зерттеуде, Facebook-та достар статусындағы университет оқытушыларына сауалнама жүргізілді. Сонымен, бұл әдістер сандық және сапалық мәліметтер алуға мүмкіндік берді, сондай-ақ біліктілігін арттыру үшін мұғалімдердің қоршаған ортаны қалай және неліктен қолданатыны қаралды. Респонденттер мұғалім мамандығына тән, оқшаулануды жеңудегі Facebook рөліне тоқталып, бұл әлеуметтік желінің кәсіби дамудың дәстүрлі тәсілдерінен жоғары деп сипаттады.

Тұжырымдалған кәсіби мақсаттар жиынтығы Facebook-тегі мұғалімдердің әрекеттері: ресурстарды бөлісу, әріптестерімен ынтымақтастық жасау, достармен сөйлесу, сөйлесуге қатысу, әріптестердің эмоционалдық қолдауы – қабырғаларда, сілтемелерде және т.б. достар жариялаған хабарламаларды семантикалық талдауды зерттеудің екінші кезеңінің негізі болды.

Осылайша, Facebook-те оқытудың кәсіби дамуын зерттеу үш кезеңде жүргізілді:

- 1) негізгі түсініктерді пайдалана отырып, тақырып бойынша жарияланған әдебиеттерді талдау;
- 2) профессорлардың мақсаттарының жиынтығы арқылы авторлық достар желісіне орналастырылған материалдарды талдау.
- 3) таңдаулы достардың сауалнамасы, өз еркімен ашық сұрақтарға жауап беру.

Шешімді күтетін маңызды мәселе – әріптестерді ресурстарды немесе жеке материалдарды интерактивті түрде пайдалануға шақырудың этикалық және құпиялы салдары. Facebook-ты қолдануды зерттеу қиын болуы мүмкін, өйткені әлеуметтік желі ландшафы үнемі өзгеріп отырады (Facebook-тің техникалық сипаттамалары, пайдаланушының әдеттері).

Сондықтан бұл зерттеулер, университет мұғалімдерінің жылдам шешімдерінің бейнесі болып табылады. Мұғалім үшін алаңдаушылық тудыратын тағы бір дерек – Facebook-тегі маңызды емес әрекеттерге қатысу. Оқшаулануды еңсеру әрекеті, көптеген әріптестермен өз пікірін желіде қалдыруда, сөз жарыстарда, қалдырған комментарийлерге басқалардың пікірімен келіспеу, келемеждеу мәселелері мұғалімді күлкіге айналдыруы мүмкін.

XXI ғасырдың оқытушысы әртүрлі интернет-құралдармен, цифрлық технологиялармен және мазмұнмен жабдықталғанын айтып өткен жөн. Әрине, болашақта пайда болуы мүмкін басқа да көптеген технологиялық жаңалықтар, оқушыларға тәлім беру тәжірибесін жетілдіреді немесе өзгертеді. Дегенмен мұғалім цифрлық материалдарды немесе электронды құралдарды қолданатыны, ол сандық әлем үшін арнайы педагогикалық тәсілдерді қолдануға міндетті емес дегенді білдірмейді. Сонымен қатар дәстүрлі педагогикаға сәйкес мұғалімдердің алдын-ала дайындығы мен біліктілігін жоғарылатуды жалғастыруды ұмытпау керек.

Қорытынды. Facebook-тің мұғалімдердің үш әлеуетті қосымшасы: қарым-қатынас, оқу үрдісінде және кәсіби дамуы үшін – мұғалімдердің Facebook-та біліктілікті арттыру үшін қолдануы зерттелді. Facebook-ті мұғалімдерін кәсіби дамыту үшін пайдалану – бұл жаңа зерттеу саласы. Бұл университеттің оқытушыларының біліктілігін арттыруға көмектеседі. Ол кәсіби қауымдастықтарды құру және жоғары білімнің неғұрлым азырақ бөлігі шеңберінде ресурстарды бөлісу үшін, сондай-ақ практикалық кеңес беру, әлеуметтік және эмоционалдық қолдау көрсету үшін қолданылады. Facebook аккаунт ашылған сәттен бастап кез-келген оқытушыға кәсіби дамуын қамтамасыз ететін құрал ретінде әрекет етпейді. Мәселе мұғалімдердің Facebook-ты қолданатындығына байланысты емес, бірақ оның құралдарын және қосымшаларын қалай тиімді және кәсіби дамуына қатысты қолдануға болатынын анықтауға байланысты.



Сонымен, 25-ші дәріс барысында біз сандық технологиялар арқылы білім сапасын жетілдіру мақсатында цифрландыру дәуірінде педагогиканы қайта қарастыруға қатысты көптеген тақырыптар мен мәселелерді қарастырдық. Біз студенттерді сандық аборигендер деп санасақ та, олар цифрлық технологияларды өз бетімен қолдануға үйрене алуы мүмкін, бірақ біз олар мұғалімнің көмегінсіз тәуелсіз танып білуді үйренетініне сенімсізбіз, яғни, оқу және жаза білу қабілеті кітапханадағы кітаптарды оқып, толық білім алуға мүмкіндік бермейтіні белгілі сияқты. Әрине, сандық кітапханалар мен цифрлық ресурстар студенттің де, мұғалімнің де мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтеді.

Цифрлық технологиялар әлемінде университеттік мұғалімдерді бұл қазіргі заманғы мигранттар деп пайымдауға болады. Дегенмен мұғалімдердің студенттерге қажет екендігін жоққа шығармайды. Себебі университетінің студенті немесе мектеп оқушысы, болашақта кім болғысы келетінін, білім әлемінде өзіндік бағытын мұғалімнің көмегінсіз анықтауы мүмкін емес. Ол педагогикалық басшылыққа мұқтаж. Мұғалім оқытады, нұсқайды, бірақ тек жақсы мұғалім ғана студентке өз жолын табуға мүмкіндіктер ұсынады. Қоғам және мұғалім өзі де студенттің белгіленген және өнімді қозғалысы үшін жауапкершілік жүгін қояды. Жеке тұлға жай ғана білім алуда уақытын өткізбей, мақсатты қадамдарға жеткісі келсе, міндетті түрде педагог мамандарды қажет етеді, себебі цифрлық дәуірде ұсынылған толассыз ақпараттың орын алуына қарамастан, өздігінен білім сапарына саяхат жасау мәселелері өз өзектілігін жоғалтпаған. Цифрлы технологиялардағы инновациялар жалғасуда, ал педагогтер осындай революциялардың білім берудегі себеп салдарын қайтадан қарастырады. Әрине, бұл оңай емес. Оқу үдерісіне білім беру қоғамдастығында университеттің әкімшілігінен бастап ата-аналарына дейін жауапты болатын көптеген қатысушылар қатысады. Дегенмен мұғалім мен студенттің орны ерекше рөл атқарады.

Сандық технологиялардың әсерінен білім берудің мәнін түбегейлі өзгерту туралы барлық футуристтік болжамдарға қарамастан, мұғалімдер мен студенттер бірге болашаққа күрделі саяхат жасайды. Ал сандық технологиялар заманауи білім беруде әртүрлі рөлдерді атқарып, алдымызға қойған мақсатымызды іске асыруға және қойылған мақсаттарға жетуге көмектеседі.